

Б. Ә. Көшімова

МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Осы уақытқа дейін Маңғыстау топонимдері мынадай бағыттарда қаралып келгендігін атап өтуге болады: 1) тілші, географ, тарихшы т.б. ғалымдар (Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Е.Қойшыбаев, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, А.Әбдірахманов, Н.Нұрмағамбетов, М.Қожанұлы, К.Аманниязов, М.Тұрсынова, С.Әбдірахманов т.б.) өлкенің жекелеген топонимдеріне этимологиялық талдаулар жасады; 2) Ә.Кекілбайұлы, С.Қондыбай, Е.Өмірбаев, Д.Әріп, Б.Әріп, С.Әбішов, Ә.Спан, О.Көшбай, Ж.Дүйсенбаева т.б. топонимдердің пайда болуындағы тарихи және аңыздық деректерді, әңгімелерді екшеді. М.Қожанұлының «Атырау облысының жер-су аттары» монографиясында (2005) өлкенің 250-дей атауына құрылымдық, семантикалық тұрғыдан талдау жасалған. Сондай-ақ жас ғалым Қ.Түйешееваның өлке топонимдерін құрылымдық, семантикалық жақтан талдаған мақалары бар. 2008 жылы Ж.Жайлаубаева, М.Қожанұлы, Г.Мамаевалардың құрастыруымен шыққан «Маңғыстау облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығында» облыстық және аудандық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер, ауылдық округтер мен елді мекендердің қазақ, орыс тілдеріндегі атаулары, олардың жазылуы, өзгертілгені мен транскрипциясының түзетілгені жайындағы ресми мағұлматтар көрсетіліп, анықтамалар берілген. Дегенмен де, күні бүгінге дейін Маңғыстау өңірі жер-су атаулар толықтай жинақталып, топонимдік сөздіктер құрастырылмай келгені баршаға мәлім. Оның үстіне Маңғыстау өңірі топонимдері жалпы қазақ топонимистикасының зерттеу объектісі болып көрмеген.

Дегенмен де жекелеген топонимдер туралы, мәселен, *Маңғыстау*, *Каспий теңізі*, *Шетпе*, *Бозашы*, *Ақтау*, *Айрақты* топонимдерінің этимологиясына қатысты тұжырымдар кездеседі.

Маңғыстау атауы өзінің құпиялылығымен көптеген тарихшы, тілші, географ, геологтардың назарын өзіне аударған. Маңғыстау топонимінің этимологиясына байланысты түрлі жорамалдар қалыптасқан.

Ғ.Мұсабаев Маңғыстау сөзін: «түркі (түркмен) тілдерінде маң (қой) + қыстау-қышлақ деген сөдермен байланыстырса, К.Аманниязов, М.Тұрсынова «*Маңғышлақ*» сөзін – «үлкен, кең, мол, ел қыстағы», яғни «ман түркі тілінен аударғанда «үлкен, қышлақ – қыстақ. Сонымен,

«маңғышлақ» қамалдары мен қалалары көп үлкен қыстақ, нақты кеңістік дегенді білдіреді» [1.5], – деп тұжырымдайды. С.Әбдірахмановтың да пікірі осыған саяды: «Маңғыстау» – үлкен немесе мәнді қыстау. Қазақ тілінде «маңқыс», «маңызды» деген ұғым бар. Бұл екі сөздегі ортақ «маң» – қазіргідей тек «төңірек», «іргелес», «жапсарлас» емес, ертеректе «үлкен, маңызды» деген мағына берген. Егер түбектің ерте кездегі шаруашылық пайдаланымын талдайтын болсақ, онда «маңызды және үлкен қыстау» топонимнің мәнін дөп басып, көрсетіп тұр» – дейді [2.257]. М.Қожанұлы «Маңғышлақ» атауын маңғыт этнонимімен байланыстырады [3.35]. К.Өмірәлиев екі түрлі болжам ұсынады: 1) Ертеде *маңғыс* деп аталатын кесіртке типтес етқоректі жыртқыш аң болған. Ал монғол ертерінде бұл сөз қазақтың жеті басты аждаһасының орнына жүрген. -Лақ, -тақ, -тау қосымшасы (қыстақ-қыстау, жайлақ-жайлау) мекендікті білдірген. Демек *маңғыстақ*, *маңғышлақ* – маңғыс болатын жер деген сөз... 2) Маңғыстау дегендегі *маңғыс* сөзін *маңғлай* – *маңдай* сөзімен бір төркіндес деп қарауға болады, яғни маң – ілгері, алға жүру, ал маңғлай – ілгері, шығыңқы деген мағынада. «Маң-маң басқан сары атан, Маңғыстап шығар өріске» дегендегі маңғыс+та+п сөзінің же жоғарғы екі сөзбен бірлігін ескерсек, онда маң, маңғы (лай), маңғыс+та сөздері «ілгері, шығыңқы» мағынасындағы сөздер. Сонда Маңғыстау сөзі ілгері, сүкпа, сұғыңқы, кіріңкі тау, яғни түбек тау дегенмен мағыналас болмақ» [4.81]. Проф. Т.Жанұзақов «*ман*» сөзін иран, араб тілдеріне тән сөз деп қарайды. «Иран тілінің бір бұтағы тәжік тілінде *ман* сөзінің қосылуы арқылы жасалған: *манзил* – «место остановки, стоянка, привал, жилище», *манора* – «минарет», «башня», «вышка» сияқты сөздер бар. Осыған қарағанда, *ман* сөзі сол тілге тән тарихи лексика болуы мүмкін. Жерімізде иран тіліне тән топонимдердің жиі кездесуіне қарағанда, Манкішлаг атауының бірінші компонентіндегі «*ман*» сөзі иран тіліне тән деп қарасақ, Маңғышлақ, Маңқыстақ «тұрақ, тұрғын қыстақ, қыстау» мәнісіне ие екенін көреміз [5.148]. С.Қондыбай «*ман*» сөзі тарихи не мифтік адам аты немесе ішкі рудың, тайпаның аты болуы мүмкін деген болжам айтады [6.46].

Тілші-ғалым М.Қожанов «Атырау облысы топонимдері» монографиясында Маңғыстау ау-

данының атауларына құрылымдық, семантикалық талдау жасап және оны арнайы «Маңғыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері» атты ғылыми мақаласында жариялаған [7.40]. Автор «осы мақалаға арқау болған Маңғыстау ауданының Ақшымырау, Бозашы, Ильич, Комсомол, Куйбышев, Тұщықұдық, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхоздардың жер-су аттары (263 топоним)» – деп көрсетеді [7.78]. Ғалым-топонимист аудан топонимін құрылысы жағынан бір сөзден және екі сөзден құралған, ал үш сөзден жасалған топонимдер тіптен жоқ деуге болады дейді. Бір сөзден қойылған топонимдерді іштей екіге бөледі: 1. Атау тұлғада келіп жасалған топонимдер барлық саны – 59. Мысалы: *Үа* – жер аты, *Иір* – жер аты, *Бас* – жер аты т.б.

2. Атау тұлғалы формасына жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған топонимдер. Бұндай топонимдер саны -31. Мысалы: *Ағалық* – жер аты, *Емді* – үсті жазық биік тау, *Айрақты* – тау аты т.б.

«Одан әрі екі сөзден жасалған топонимдердің бірінші сынары анықтауыш тұлғалы сөз болады» – дей келе (81), оларды: 1) негізі сын есімге географиялық терминнің қосылуы арқылы жасалған топонимдер (30): *Қарасай, Ақжар, Ақеспе т.б.*; 2) зат есімнен соң географиялық терминнің келуі арқылы жасалған топонимдер (21): *Ауызорпа, Тышқанқұм т.б.*; 3) негізгі сапалық сын есімге зат есімнің қосылуы арқылы жасалған топонимдер (31): *Қаранар, Қызылтам т.б.*; 4) сан есімге зат есімнің жалғасуы және сын есімге географиялық терминнің қосылуы арқылы жасалған топонимдер (сан жағынан аз): *Үшауыз, Үшкөң, Жетітөбе*; 5) зат есімге –лы/-лі, –ты/-ті жұрнақтарымен бірге географиялық жалпы есімдерге қабысуы арқылы жасалған топонимдер: *Шіліктісай, Боқтысай, Көңдікұдық т.б.*; 6) зат есімдердің ілік септікте және тәуелдік жалғауының 3-жағында тұрып тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: *Жомарттың жазығы, Отынышының жары т.б.*; 7) екінші сынары етістіктен жасалған топонимдер: *Ешкіөлген, Иткелді т.б.* деп қарастырады. Сондай-ақ екі және үш құрамды топонимдердің құрылысын модельдеген.

Мақалада ғалым Маңғыстау ауданы топонимдерін лексика-семантикалық жақтан: «Адам аттарына байланысты, жануар, жәндік және құс аттарына, өсімдік, шөпке байланысты, айнала қоршаған ортаның әртүрлі белгілеріне және ландшафт пен рельефке, қазба байлықтарына байланысты, діни ұғымға байланысты қойылған атаулар» – деп топтастырған (39.83-84).

Автор, «Маңғыстау ауданы топонимінің құрылысын бір құрамды және екі құрамды деп танып, олардың көпшілігі зат есім, сын есім мен сан есімнен жасалатынын, ал мағыналық жақтан топонимдер тек адамдарға ғана қатысты емес, сонымен қатар географиялық реалдықты да білдіреді» – деп қорығады [7.84].

Маңғыстау облысы топонимдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктерін ашуға талпыныс жасалған келесі еңбек – Қ.Түйешиеваның «Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты» атты мақаласы. Автор мақаласында өлке топонимдерін екі семантикалық типте қарастырады: 1) адамдардың іс-әрекеті, тұрмысы және қоғамдық өміріне қатысты атаулар; 2) жаратылысқа қатысты атаулар [8.27].

Өлкедегі адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен тұрмысына қатысты топонимдердің өзін іштей бірнеше топқа бөлген: а) туыстық, ағайын-жекжаттық тағы да басқа қарым-қатынасты білдіретін атаулар (*Қоскеліншек, Балаәулие, Бескемтір т.б.*); ә) күнделікті тұрмыстық тұтыну зат атауларына байланысты атаулар (*Шақпақата, Жүзікқуыс, Сарымай т.б.*); б) құрамында әлеуметтік топ атаулары бар топонимдер (*Сұлтанепе, Құлбарақ, Қайыршы ишан т.б.*); в) географиялық объектілердің түр-түсіне байланысты атаулар (*Қызыләулие, Қара үйік, Ақ ұя т.б.*); г) салыстыру, теңестіру және оқиға негізінде қойылған бейнелі топонимдер (*Ешкіқырған, Нарсойған, Құртұрмас, Бесөгіз т.б.*); ғ) адамның дене мүшелерінің, ішкі ағза атауларына байланысты соматикалық сипаттағы топонимдер: *Шілгөз әулие, Тасмұрын, Табан ата, Бармақ, Қабақ т.б.*); д) географиялық объектілердің айрықша белгілеріне ыңғайластырылып қойылған сандық топонимдер (*Бесоба, Қос үйік, Үштөбе т.б.*); е) жаңа, ескі, жаман, үлкен, кіші, кең, тар т.б. сөздердің қатысымен туындаған топонимдер (*Кеңқолтық, Ұзынтам, Жалпақтөрткіл т.б.*); ж) адамдардың жан –дүниесіне, мінез-құлқына қатысты атаулары бар киелі жерлер (*Қайғылыбаба, Жылаған, Досалыбаба т.б.*).

Аймақтағы жаратылысқа қатысты атаулар тобы: а) өсімдік дүниесіне, жеміс-жидек атауларына байланысты топонимдер (*Жыңғылды, Изенді, Селеулі т.б.*); ә) төрт-түлік малмен байланысты таным – түсініктер себепші болған атаулар (*Айғырұшқан, Қаранар, Шопан ата т.б.*); б) құс атауларына қатысты топонимдер (*Құшыата, Бүркіт, Жапалақ т.б.*); в) Жәндікке қатысты атаулар (*Бөрібас, Көжекбай, Қасқыркеуек т.б.*) [8.27-28].

М.Қожанов пен Қ.Түйешееваның мақалаларындағы Маңғыстау топонимдерінің лексика-семантикалық жақтан жіктелуіндегі айырмашылықтар тек мағыналық топтарға ғана қатысты байқалады.

Маңғыстау жер-су атауларының құрамындағы географиялық терминдер, топонимдерге қатысты аңыздар т.б. туралы жазған өлкетанушылар Е.Өмірбаев, Ә.Спан, С.Қондыбай, Ж.Дүйсенбаева еңбектерін атап өтуге болады. Ә.Спан мен филология ғылымдарының кандидаты Ж.Дүйсенбаевамен бірігіп жазған «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» атты кітабында [9] өлкенің су көздерінің зерттелуі, оған қатысты аңыз-әңгімелер қамтылып, суға қатысты терминдердің сөздігі құрастырылған.

Сонымен тіліміздегі ғылыми еңбектер қатарын тілдік, танымдық, этномәдени ақпараттармен толықтыратын Маңғыстау өңірі топонимиясын зерттеудің тіл тарихы және ел тарихы үшін маңызы зор деп ойлаймыз.

1. Аманниязов К.Н. Туркмены Мангышлака. – Алматы, 2004, 143 с.

2. Каспий қайраңы, танымдық - көпшілік. басылым. – Алматы, 1996, 278б.

3. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары, - Астана, 2005, -144 б.

4. Өмірәлиев Қ. Сөздеріміздің тарихынан//Қазақстан мектебі, №3, 1963, 80-81бб.

5. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы.Атаулар сыры 3. – Алматы, 2007, 544б.

6. Қондыбай С.Есен-қазақ. – Алматы, 2002, 352б.

7. М.Қожанов. «Маңғыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері//Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986, 136б.

8. Түйешеева Қ. Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты//Ономастикалық хабаршы, 2007, №1, 26-29 бб.

Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.

Б. Ә. Көшімова

МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІ ТОНИМИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, жер көлемі 165,6 мың шаршы км өңірі, бүкіл жер шары көлемінде алып қарағанда, Еуразия құрылығының ортасында, Еуропа мен Азияның түйіскен өңірінде жатыр.

Ертеден халық аузында «киелі мекен» аталатын бұл құт-берекесі еселей асып, қыдыр дарыған қасиетті өлке солтүстік-батысы мен батысында қарт Каспийдің толқынды жағалауына тірелсе, оңтүстігі мен шығысында көрші мемлекеттер – Түрікменстан мен Өзбекстан, ал солтүстік-шығысында еліміздің Ақтөбе және Атырау облыстарымен шектеседі [1, 6 б.].

Маңғыстау облысы әкімшілік жағынан екі қалалық мәслихатқа (Ақтау, Жаңаөзен) және бес әкімшілік ауданға (Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған, Мұнайлы) бөлінген. Форт-Шевченко өзінің мәртебесі жағынан облыстың үшінші қаласы болып саналады.

Түбек жер бедерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл ғажайып өлке сағымданған шыңдар мен тік жарлы құрғақ арналарға, кебірсіген тақырлар мен ежелгі әбден мүжілген тауларға,

ұшы-қиырсыз жазықтар мен жайпақ сорларға өте бай.

Расында да «Егер сіз жер беті шөлдерінің барлық типі туралы, қарауытқан сеңгір де жалаң тау-төбелері туралы, аппақ және қызғылт түске боянған алып мұнаралары, биік баған мен қабырғалары бар «шөлдің тас қамалдары» туралы санаңызда түсінік қалыптастырғыңыз келсе, куэстер мен шың-күздардың классикалық үлгілерін көргіңіз келсе, мұхит деңгейінен 130 м төмен жатқан құрылықта, тұйық ойыстарда болғыңыз келсе, айран тақырлардың қатқылдығын байқағыңыз келсе, түнерген тастақтарға қарағыңыз келсе, желдің ғаламат жұмысының ауқымын және шөлдің басқа да кереметтерін танып-білгіңіз келсе – Маңғыстаудан артық жерді таппайсыз. Бейне бір құпия сандықша ішінде толтырылғандай, бұл өлкеде, шағын кеңістікте шөл табиғатының сан алуан құбылыстары мен көріністері жинақталған», – деп, Маңғыстауды көрген, зерттеген ғалымдар баға береді [2, 117 б.]. Өлкедегі Қарақұм, Құмтөбе, Шағырлы, Уаққұм, Жылымшық, Қоңырорпа, Қызылқұм, Шөлша-